

Павлодар облыстық мәслихатының 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 23/3 "Павлодар облысында жануарларды асырау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2022 жылғы 7 қыркүйектегі № 189/15 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 қыркүйекте № 29496 болып тіркелді

Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Павлодар облыстық мәслихатының "Павлодар облысында жануарларды асырау қағидаларын бекіту туралы" 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 23/3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7261 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Заңына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:";

көрсетілген шешіммен бекітілген Павлодар облысында жануарларды асырау Қағидалардың:

2 – тармағының 3), 4), 7), 8) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"3) жабайы жануарлар – жабайы табиғат табиғи мекендеу ортасы болып табылатын, оның ішінде еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар;" ;

"4) жануарлар – омыртқалы жануарлар;" ;

"7) қараусыз қалған жануарлар – ұстау орнынан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар;" ;

"8) үй жануарлары (компаньон жануарлар) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар." ;

3, 6, 8 – тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Жануарларды асырау, өсіру Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 25 тамыздағы "Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін және құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда

туралы конвенцияның қолданылу аясына кіретін жануарлардың түрлерін еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау, өсіру қағидаларын бекіту туралы" № 354 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15772 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.";

"6. Жануарларды қоғамдық шомылатын орындарда, тоғандарда, су бұрқактарда, су қоймаларында және су бөгеттерінде суаруға жол берілмейді.

Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суат алаңдары мен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын басқа да құрылғылар болған жағдайда ортақ су пайдалану тәртібімен жол беріледі.";

"8. Адамдардың сүйемелдеуінсіз жүрген жануарлар қараусыз жануарлар болып есептеледі және иесі анықталғанға дейін уақытша ұстау үшін қоражайларға айдауға жатады.

Ұсталған қараусыз жануарларды ұстау, иелеріне қайтару тәртібі және иелерінің жауапкершілігі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес айқындалады."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облыстық мәслихатының хатшысы

Е. Айткенов